



Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Талап

Ауызсу желісі қайта жаңғыртылуда

Су – тіршілік көзі, күнделікті тұрмыстың ажырамас бөлігі. Оған бар тіршілік атаулы тәуелді. Дана халқымыз «Судың да сұрауы бар» деп бекер айтпаған. Ал біз күнделікті тұтынатын судың қадірін біле бермейтініміз ашы шындық. Тәулік бойы сарқырап су ағып тұрған соң бір тамшы суға зар болған жандарды түсіне бермейміз. Қара судың қадірі барлығымыз үшін маңызды. Әсіресе жаздың ыстығында тіршілік көзінің тоқтамауын тілейміз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауда су мәселесіне арнайы тоқталып, «Ел экономикасын тұрақты дамытуға су тапшылығы қатты кедергі болып отыр. Қазір бұл ұлттық қауіпсіздік мәселесіне айналды. Сырттан келетін су азайып барады. Сол судың өзін тиімсіз пайдалану жағдайды одан әрі ушықтыруда» деді.

Ауызсу мәселесін шешу бағытында елімізде бірнеше мемлекеттік жоба қабылданып, «Ауыз су», «Ақбұлақ», «Өңірлерді дамыту», «Нұрлы жол» сияқты атаулы бағдарламалар арқылы ауқымды жұмыс атқарылды.

Шүкір, бүгінде жалағаштықтар ауызсудың тапшылығын сезінбейді, бұрынғыдай ауызсуды тасып ішетіндер жоқтың қасы десе де болады. Әрбір тұрғынның үйіне жеке-жеке құбыр тартылған. Жалпы аудан ауыз сумен 100 пайыз қамтылған. Қазіргі таңда өңір бойынша 19 су айдау насосы бар. Сондай-ақ екі жыл бұрын пайдалануға берілген «Ақтерек» насос стансасы жұмыс істеуде.

Аудан әкімі Ардақ Ибраимов Есет батыр ауылына барып, елді мекеннің ауыз су желісін кеңейту және қайта жаңғырту жұмыстарымен танысты. Нақтырақ айтсақ, ауылда ауызсу



жүйесін жақсарту мақсатында кеңейту және қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Жобаның жалпы құны – 381 231,3 мың теңге. Мердігер мекеме – «Бақ Береке-2030» ЖШС.

Қазіргі таңда су жинау мұнарасы орнатылып, ішкі көру құдықтарын жаңарту жұмыстары басталды. Аудан әкімі құрылыс жұмыстарын бақылап көріп, мердігер мекемеге жұмыстардың сапалы әрі белгіленген мерзімде орындалуын қамтамасыз етуді қатаң тапсырды.

Бүгінде жергілікті билік ауызсу сапасына қатаң талаптар қойып, пайдаланып отырған суымыздың таза әрі зиянсыз екеніне көпідік беруге бағытталған жұмыстарды атқаруда. Осы мақсатта ауызсу мекемелеріндегі

су техникалары мен құбырларының техникалық жағдайына мониторинг жұмыстары үздіксіз жүргізілуде.

Осы ретте айта кететін жайт, ауызсумен жабдықтау көздерінің санитарлық қорғау аймағында мал өлекесін көметін орындарды, асценизациялау өрісі, сүзілу өрісі, көң қоймалар, сүрлемелер, мал шаруашылығы, құс өсіретін шаруашылық субъектілері, жерасты суларының микробтық, химиялық ластану қаупіне себепші болатын нысандарды орналастыруға, тыңайтқыш және улы химикаттарды қолдануға және басқа да объектілерді орналастыруға жол берілмейді.

Ж.МАХМҰТҰЛЫ

Сақтансаң, сақтайды



35 азаматқа айыппұл салынды

Тұрғындардың өрт қауіпсіздігіне салғырт қарауының салдарынан өңірдегі өрт оқиғаларының саны азаймай тұр. Тіркелген өрттің басым бөлігі тұрғын үй секторларында, автокөліктер мен орман қоры аумағында болған.

Өрттің басты себебінің бірі адамдардың немқұрайлы қарауынан туындап жатады. Нақтырақ айтқанда, қоқыстарды өртеу кезінде бақылаусыз қалдыруынан, ақаулы тұрмыстық электр жабдықтарын қолдануынан, автокөліктерге уақытылы күтім жасамауынан, тұрмыстық газ қондырғыларының және газ баллондардың ақауынан, балалардың отпен ойнауы себептерінен пайда болуда. Осы себепті жауапты мамандар халық арасында күнделікті профилактикалық шаралар мен ертүрлі акциялар, рейдтер мен түсіндірме жұмыстарын жүргізуде. Одан бөлек өрттің алдын алу және жою алгоритмдері мен іс-қимыл жоспарлары бойынша жұмыстар атқарылуда.

Жыл басынан бері аймақта мобилді топтармен 134 рет рейдтік шара жүргізілген. Шара барысында әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 336, 367, 410-баптарына сәйкес 35 тұлғаға 1 553 410 теңге айыппұл салынған.

Сондай-ақ облыста 200 өрт оқиғасы тіркелген. Өрт салдарынан 3 адам қаза тапқан. Ал 9 адам жарақат алды. Өрттің басым бөлігі тұрғын үй секторында (118 өрт), автокөлікте (47), нысандарда (19), орман қоры аумағында (10) тіркелген.

Мұнан бөлек орман қорында 251,12 гектарды құрайтын 10 өрт оқиғасы орын алған. Орман алқаптарында барлығы 10 428 шақырымға минералды жолақтарын жүргізу жоспарланған, қазіргі таңда 7 625 шақырымына төселді.

«ЖОК» ақпарат

Балаларға базарлық!

Алақай, жазғы демалыс!

Мектеп оқушылары үшін алаңсыз ойын ойнап, тамаша табиғаттың аясында шат-шадыман шаттық лебі әлпештеген демалыс күндері басталды. Осы орайда жеткіншектердің жазғы демалысын тиімді және қызықты ұйымдастыру – ел азаматтарына парыз. Өйткені болашақтың іргетасы келешек ұрпақ екені сөзсіз.

Аудандық оқушылар үйінде 1 маусым – Балаларды қорғау күніне орай «Баланың әл-ауқаты – мемлекеттің қамқорлығы» тақырыбында еркін форматта жиын өтті. Оған аудандық білім бөлімінің басшысы Талғат Садықов және мектеп белсенділері мен озат оқушылар қатысты.

Жиында оқушылар ауданның бас ұстазымен ашық пікір алмасып, өнерге жаны құштар жас өрендер өз жетістіктерімен, шабыт көзімен және алдағы армандарымен бөлісті. Одан бөлек оқушылар оқу процесіндегі түрлі жобалардың қызықты екенін әрі оқуға құштарлығын әрдайым артыратынын жеткізіп, ұстаздарға алғысын білдірді.

Сондай-ақ жиында озат оқушылар аудандық білім бөлімінің арнайы алғыс хатымен марапатталды. Тағы бір ерекше айта кететін жайт, жиында 7 оқушыға Шымкент қаласындағы «Қуаныш» лагеріне және 10 балаға Астана қаласына туристік саяхатқа жолдама табысталды.

Ұстаздар мен оқушыларды кезекті оқу жылының аяқталуымен құттықтаймын. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру маңызды іс-шаралардың бірі екені белгілі. Сондықтан балалардың қауіпсіздігін басты назарға ала отырып, жазғы демалысты тиімді өткізу бойынша

бірқатар жұмыс атқарылды. Сыртқы лагерь жұмыстарын ұйымдастыру, мектеп жанындағы күндізгі тынығу лагерлерін ашу, облыс көлемінде және облыстан тыс лагерьге балаларды жіберу, қосымша білім беру үйірмелеріне қамту, туристік саяхат, тарихи-танымдық экскурсиялар ұйымдастырылады. Мәселен, биылғы маусымда Алматы қаласындағы «Тау-Жаңашар» республикалық лагеріне 50 бала, Жаңақорған ауданы «Талдысу» облыстық лагеріне демалушылар есебінен аз қамтамасыз етілген отбасынан шыққан 100 баланы, «Қазақстан қоры» демеушілігімен Шымкент қаласындағы республикалық «Қуаныш» лагеріне 50 баланы жіберу жоспарлануда. Танымдық экскурсияларға 129 баланы алып барамыз. Бір сөзбен айтқанда, 6 553 баланың жазғы демалыс шараларымен 90 пайызын қамту жоспарда бар. – деді аудандық білім бөлімінің басшысы.

Әрине, жыл бойы білімімен, өнерімен спорттық қабілетімен мектептің, тіпті ауданның абыройын асқақтатып жүрген озат оқушылар жазғы демалысын қызықты өткізуге әбден лайық. Сондықтан балалар, жолдама иелері ұстаздарға, аға-апаларға алғыс айтып, білімді және тәртіпті болуға уәде

берді. Дарынды оқушылардың қатарында республикалық пәндік олимпиада жүлдегерлері, Абайтану, І.Жансүгіров, Шерхан Мұртаза және Мағжан оқуларының жеңімпаздары да бар.

– Қуанышымда шек жоқ. Жазғы демалысты қалай өткіземін деп ойлайтынмын. Бүгін Шымкент қаласындағы «Қуаныш» лагеріне жолдама алдым. Ұстаздарға, демеуші аға-апаларыма рахмет айтамын. Жыл бойы үздік оқыдым. Түрлі білім додаларына қатыстым. Республикалық VII Абайтану олимпиадасында жүлдегер атандым. Болашақта елге қызмет ететін білімді тұлға болуды армандаймын, – дейді №232 мектептің оқушысы Альфия Балхан.

Айта кетейік, аудан орталығындағы «Ақтерек» сауықтыру лагерінің жобалық қуаты бір ауысымда 80 баланы қамтуға мүмкіндік береді. Лагерь аумағында жалпы 5 ғимарат орналасқан. Оның 4-еуі жатын орына арналған ғимарат болса, мұнан бөлек 80 орындық арнайы асханасы тағы бар. Сонымен қатар ашық спорт алаңы, сыртқы бассейні, мәдени іс-шаралар өтетін орын бар.

Осында жаз бойы 6 ауысыммен 452 баланы қамту жоспарланған. Оның ішінде 402 бала міндетті оқу қоры есебінен, 50 бала кәсіподақ есе-



бінен демалады. Әр ауысым уақыты – 10 күн.

Мұнда танымдық-логикалық, спорттық жарыстар өтіп тұрады. Одан бөлек бой сергіту, ой сергіту және танымдық бағытта түрлі ойындар ұйымдастырылады. Сонымен бірге лагерьде сурет, қолөнер, робототехника, полиглот және өрт қауіпсіздігі үйірмелері жұмыс істейді. Сондай-ақ тынығушыларды белгіленген күні Б.Құптеңенов атындағы аудандық жабық бассейнге, балалардың тарихи танымын кеңейту мақсатында «Руханият» орталығына, Қорқыт ата

мемориалдық кешеніне саяхаттау жоспарланған.

Мектеп жанындағы күндізгі тынығу лагерлеріне тоқталсақ, 27 мамыр мен 20 маусым аралығында 20 мектепте 2 ауысымда 2250 бала ыстық тамақпен, 450 тамақсыз мектеп жанындағы тынығу лагері ұйымдастырылады. Мектеп жанындағы және қосымша білім беру ұйымдары жанындағы лагерьлер түрлі бағытта жұмыс жасайды. Оған 3260 бала қамтылады.

Сондай-ақ «Еңбек» лагеріне 1500 бала барады. Жалпы бұл шаралар шаруа қожалықтармен бірлесіп жүзеге

асырылады. Мұнан бөлек «Кәсіптік бейімдеу» лагеріне 350, «Құқықтық кеңес» лагеріне 350, «Этноауыл» лагеріне 350, «Өнерлі мектеп» лагеріне 350, «Көркем еңбек» лагеріне 360 бала қамтылады.

Жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беруді қоғам, ұстаздар қауымы болып, ең бастысы, ата-аналар болып қолға алсақ, болашағымыз жарқын болмақ. Балаларымызды отансүйгіштікке, ата-баба салт-дәстүрін құрметтейтін ұрпақ тәрбиелеу баршаға – бірдей міндет.

Ж.АРЫН

Сұхбат

Соңғы жылдары ауданның мәдениет саласында айтарлықтай серпін қалыптасты. Бұл сөзімізді жергілікті өнерпаздардың жоғары деңгейдегі сайыстарда топ жаруы куаттайды. Оның үстіне ауданда мәдениет ошақтарының жай-күйіне мән беріліп, сала мамандарының жүйелі жұмыс істеуіне бар жағдай жасалған. Салада басқа да қандай өзгерістер барын және алдағы жоспарын білу үшін аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Бибиасия Дүйсенбиевамен сұхбаттастық...



Мәдениет – өмірдің мәйегі



– **Бибиасия Аманжолқызы, жалпы соңғы жылдары аудан орталығынан бөлек ауылдық елді мекендердегі мәдениет ошақтарының сапасын жақсартуға мемлекет тарапынан үлкен қолдау болуда. Бізде әлі де осы еимарат жаынан мәселесі бар елді мекендер бар ма?**

– Ауданда былтыр 35 мәдениет ұйымы тұрғындарға мәдени қызмет көрсетті. Соңғы жылдары мәдениет саласы инфрақұрылымының даму серпіні тұрақты оң сипатқа ие. Аймақ басшысының қолдауымен кент орталығында 1,6 млрд теңгені құрайтын «Руханият» орталығының құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Қазір онда өнер өкілдерінен бөлек, жастар ресурстық орталығы, ардагерлер кеңесі және басқа да үкіметтік емес ұйымдар мен орталық кітапхана орналасқан. Бұл бір жағынан кітап оқытын жергілікті жұртқа да жақсы болды деп ойлаймын. Өйткені бұрын орталық кітапхана ауданның шетінде орналасқан еді. Қазір бұл нысанның орталыққа көшуінен бөлек жергілікті жұрттың кітап оқуына барлық жағдай жасалып отыр.

Мемлекет тарапынан салаға қолдау қай деңгейде көрсетіледі?

Былтыр саланы қаржыландыруға бюджеттен 1 543 620,5 млн теңге бөлінді. Бөлім аппаратына 38120 мың, кітапхана 207285 мың, аудандық мәдениет үйлеріне 397623,1 мың, ауылдық клубтарға 900592,4 мың теңге бөлінді. 2023 жылмен салыстырғанда қаржы көлемі 51 пайыз артқан.

Оның ішінде облыстық бюджеттен Таң ауылдық мәдениет үйіне күрделі жөндеу жұмыстарына 350 275,4 мың теңге бөлініп, жөндеу жұмыстары жүргізілсе, саланың материалдық-техникалық базасын нығайтуға жергілікті бюджеттен 54171,8 мың теңгеге дыбыс құйыптікші аппараттар, ұйымдастыру техникалары, концерттік костюмдер, сахна перделері, сахна шамдары алынды. Мәдени іс-шараларды өткізуге де қаражат қаралды.

– **Мәдени саясат – қоғамның негізгі құнды бағыттары мен тұлғаның жасампаз бастамасын қалыптастыратын мемлекеттің басты идеологиялық тұзырнамасы. Бүгөн Мемлекет басшысы да өз Жолдауында арнайы тоқталды. Қазіргі таңда мәдени саясатты жүзеге асыруға қатысты Жолдауда туындайтын міндеттер ауданда өз деңгейінде жүзеге асып жатыр ма?**

– Мәдени саясатын жетілдіру – басты стратегиялық мақсаттардың бірі. Осы ретте мәдени саясатты дамыту тұжырымдамасында көрсетілген нысаналы индикаторға қол жеткізу мақсатында мәдениет ұйымдары қызметі «Адал адам» мәдени-тәрбие орталығы тұжырымдамасын іске асырды. Былтыр тұжырымдамада көрсетілген 7 бағыт бойынша, яғни «Кино-тайм», «Әлем BOOK», «ART уақыт», «Жаңауа шуағы», «Еріктілер тобы», «Сыр сұхбат», «Креативті хаб» ұлттық мәдениеттің ілгерілетуге және дәстүрді жаңғыртуға, балалар мен жасөспірімдерді мәдени тәрбиімен қамтуға бағытталған түрлі форматтағы 1865 іс-шара, оның ішінде театр қойылымдары, шығармашылық конкурстар, фестивалдер, конференциялар, сұхбаттар, акциялар ұйымдастырылды. Оған 155 375 көрермен тартылды. Есепті кезеңде өткен іс-шаралардың 7-еуі – облыстық деңгейдегі шара. Мәдени іс-шаралар 2023 жылмен салыстырғанда 1051-ге артты. Нәтижесінде мәдениет саласындағы көрсетілетін қызметтердің сапасына халықтың қанағаттану деңгейі көтерілді.

– **Жалпы былтыр саланы қалай қорытындыладыңыздар?**

– Өткен жылдың басты ерекшелігі, Жалағаш ауданының 85 жылдық мерейтойы болып белгіленген. Жыл көлемінде 70-ке жуық іс-шара өтті. Мерейтой «Жақұты Сырдың – Жалағаш» атты театрландырылған қойылыммен және елімізге белгілі эстрада жұлдыздарының ғала концерттімен түйінделді.

Облыстық деңгейде ҚР мәдениет қайраткері Роза Боранбаеваның 65 жылдық мерейтойына арналған «Өнерім – өмірім» атты бенефисі, ақын Зайра Мамырованың 75 жылдық мерейтойына арналған «Аманат» атты шығармашылық көші, Қазына Өзденбаеваның 70 жылдық мерейтойына арналған кездесу көші, «Мәдениет – руханият бастауы» атты шығармашылық

өкілдерімен сыр-сұхбат, Беркінбай Бекниязұлының 115 жылдық мерейтойы аясында «Әулиенің жұмбақ сырлары» атты облыстық танымдық конференция, «Текті сөздің төресі – терме» атты жыршы-термеші Байділда Сәрсеновтің 85 жылдық мерейтойына орай облыстық жыршы-термешілер фестивалі жоғары деңгейде өтті. Мұнан бөлек ақын-жырау Әбдіда Жүргенбаевтың 110 жылдығына арналған «Жыр өнерінің жампозы» атты облыстық жыршы-термешілер байқауы, Социалистік Еңбек Ері Несіпбай Әпірезовтің 115 жылдық мерейтойы аясында «Еңбек ер атандырады» атты облыстық жазба ақындар мүшәйрасы ұйымдастырылды. Сонымен қатар Жалағаш ауданының өнерпаздары «Qyzylorda» телеарнасында «Наурыз-думан» арнайы мерекелік шығарылымының түсіріліміне қатысты.

Театр өнеріне көрерменнің қолжетімділігін кеңейту мақсатында Қ.Қазантаев



атындағы мәдениет үйі жанындағы «Халық» театры Саид Ахмадтың «Көпіндер көтерілісі» комедиясын сахналады. Креативті индустрияны дамыту бағытында «Тұмарша» креатив орталығы ашылып, ұлттық құндылықтарымызды насихаттауда, көпөнердің дамуына басымдық беріледі. Жыл бойы көпөнер шеберлерінің «ULTTUK STILE» ұлттық көрме-жәрмеңкелері, «Көне дәстүр күмбезі» атты ұлттық салт-дәстүрлер фестивалі, ұлттық тағамдардың гастротрестивалі ұйымдастырылды. Жәрмеңкеде ұлттық нақышта тігілген тақиялар, қолсәмкелер, әшекей бұйымдарға деген тұрғындар сұранысы артты. Тігілші Тыныштықбай Сымбаттың «Үкілім» ұлттық киімдері Қызылорда қаласында өткен «Этно FASHION» сән үлгісі фестиваліне қатысты.

– **Жалпы бізде балалардың бос уақытын тиімді пайдалануда, оларды осы бастан өнерге баулуға үйірмелер ерекше маңызға ие. Сіздерде балалардың талантын шыңдауда қанша үйірме жұмыс жасайды және оның нәтижесі қалай?**

– Балалар мен жасөспірімдердің мәдени тәрбиесін арттыруға, шығармашылық өлеуетін дамытуға бағытталған үйірмелермен қамтуда былтыр жаңадан 12 үйірме ашылды. Осылайша үйірмелер саны 107-ге артты. Оған 1190 бала қатысты. Оның ішінде 6-17 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдер қатысатын үйірме – 79, қатысушылар саны – 850. Оқушыларды аудан бойынша үйірменен қамту көрсеткіші 12,1 пайызды құрайды.

Жас таланттарды табу, балалар мен жасөспірімдерге шығармашылық және көркем-эстетикалық білім беруді қолдау бағытында аудан мәдениетін облыстық, республикалық, халықаралық мәдени кеңістікке насихаттау мақсатында бірқатар жетістікке қол жеткіздік. Тарқатып айтсақ, осыған дейін балалар облыстық 54 байқауға қатысып, 51 жүлделі орын иеленді.

Оның ішінде 6 бала бас жүлде, 12 оқушы I орын алды, сондай-ақ 13 оқушы II орын алса, тағы 20 бала үздік үштікті түйіндеді. Мұнан бөлек олар республикалық 12 байқаудан 38 жүлде алды. Оның ішінде 16 бала топ жарып, 11-і бірінші орын алды. Ал 9 оқушы II орын алса, екі оқушы үштікті түйіндеді. Мұндай жетістіктеріміз халықаралық жарыстарда да бар. Мәселен, оқушыларымыз халықаралық 5 байқауға қатысып, 4 жүлделі орын алды, оның ішінде 2-еуі бас жүлде алса, 2-еуі бірінші орынға лайық деп танылды.

– **Мәдени өнімдердің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында қандай жобалар қолға алынууда? Жаңа өнер ұжымдарын құруда жаңалықтар бар ма?**

– Бұл мақсатта «Класика» камералық ансамблі, Аққыр ауылында «Балбала» ұрмалы-соқпалы ансамблі, Аққұм ауылында балалар хор ұжымы құрылды. Біз бұл мақсатта тек өнер ұжымдарын құрумен шектелмейміз. олардың жекелеген өнерпаздардың да шығармашылығын дамытуға басымдық береміз. Шүкір, қазір



– **Сала қызметінің тағы бір маңызды бағытының бірі – мемлекеттік тіл саясаты. Жалпы мемлекеттік тіл саясатын жүзегі жүргізуде нәтижелі жұмыс бар ма?**

– Тілдік ахуалды бейнелейтін басты көрсеткіш – құжат айналымы. Осы ретте мемлекеттік органдардағы тілдік ахуалға жүргізілген мониторинг нәтижесінде мемлекеттік тілдегі шығыс құжатының үлесі 100 пайызды құрады. Көрнекі ақпараттың пайдалануын бақылаудың өңірлерді қамту дәрежесі басты назарда. Токсан сайын мәдениет және спорт бөлімі мен облыстық тілдерді оқыту орталығының мемлекеттік тіл мамандарының қатысуымен көрнекі ақпараттарға түсіндірме жұмыстарын жүргізіп келеді.

ҚР «Тіл туралы» Заңының 21-бап талаптарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында былтыр 40 кәсіпкерлік субъектісіне мониторинг жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде жарнамалары, ас мәзірлері орыс тілінде рәсімделген 2 кәсіпкерлік субъектісіне әдістемелік көмек көрсетілді. Шағын және орта бизнес өкілдеріне көрнекі ақпараттар мен жарнамалардың сауаттылығын қадағалау және реттеу мақсатында whatsapp, telegram әлеуметтік желілері арқылы әдістемелік көмек көрсету ұсынылған.

– **Былт өліміз үшін мерейлі даталар жетерлік. Оларды жоғары деңгейде өткізуге өзіңіз басшылық ететін сала мамандары дайын ба? Сондай-ақ өткен 5 айды қалай қорытындыладыңыздар?**

Мәдениет саласындағы іс-шаралардың басымдығы билығы жылдың айтулы оқиғалары Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл, Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерейтойы және Жұмысшы мамандықтар жылына бағытталып отыр. Көше Жеңістің 80 жылдық мерекесін жоғары деңгейде атап өттік. Алдағы уақытта басқа да шаралар жетерлік. Барлығын жоғары деңгейде атап өтуге дайынбыз.

Қазіргі таңда ауданда 18 мәдениет ұйымы тұрғындарға мәдени қызмет көрсетуде. Быыл да балалар мен жасөспірімдерді үйірмелермен қамту бағытында 108 үйірме жұмыс жасайды, оған 1190 өнерпаз тартылған. Оның ішінде 6-17 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдер қатысатын үйірме – 79, қатысушылар саны 850. Үйірмеге қатысушылар былт 5 айда 33 байқауға қатысқан. Атап айтқанда, 5 республикалық, 19 облыстық, 9 аудандық байқаудан жүлделі орын иеленді. Мәдениет үйлері мен клуб кәсіпорындарында былт 5 айда 587 мәдени-көпшілік шара ұйымдастырылып, 57 375 көрермен қатылды. Оның ішінде ауылдық жерде 503 мәдени шара өтті.

Жалпы өткен жылды және былт 5 айды да үлкен жетістікпен қорытындыладық. Мұның бәрін әріптестеріміздің еселі еңбегімен байланыстырамын. Алдағы уақытта да салада серпін қалыптастыруға еңбек етеміз. Мәдениет – өмірдің мәйегі. Біз осы теңеудің мағынасын шын сезінгенде ғана нәтижеге жұмыс жасаймыз. Қазір жалағаштық барлық өнерпаз сала жұмысының үлкен жауапкершілігін жақсы сезінеді. Бұл сөзімізді олардың жүйелі жұмысы, талантты, шығармашылығын үнемі дамытуы қуаттайды.

– **Сұхбатыңызға рақмет!**

Сұхбаттасқан Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Байқау

Шәмші әндерін шырқады

«Руханият» орталығында қазақ музыка өнерінің көрнекті өкілі, композитор, Қазақстанның халық әртісі Шәмші Қалдаяқовтың 95 жылдығына орай ардагерлер арасында «Әнім сен едің» атты аудандық ән байқауы өтті. Шарада аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев қатысушыларға сәттілік тілеп, Шәмші Қалдаяқовтың қазақ музыкасына қосқан өлшеусіз үлесі мен ұлттық рухты асқақтатудағы рөлін атап өтті.



– Аса көрнекті сазгер, ән жанрының әйгілі мایتалманы, Қазақстан мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткер, осы замандағы қазақ эстрадасының негізін салушылардың бірі, Қазақстанның халық әртісі Шәмші Қалдаяқовтың қазақ өнеріне қосқан үлесі ушантеңіз. Ол 1950 жылдан бастап шығармашылықпен шұғылданды. Шәмші әндері ғажайып саздылығымен, сылдырап аққан бұлақ суындай тап-таза сыңғырымен, лирикалық назымен ерекшеленеді. Оның шығармашылық жағынан сіңірген еңбегі қазақ эстрадалық әндерінің әуенін ұлттық нақышпен құнарландыруында, яғни халықтық қайнармен қабыстыруында жатыр. Ал бұл оның қазақ жұртының музыкалық дәстүрі сүтін еміп өскендігіне дәлел. Бағзы мен бүгінгі мақамдарды керемет уштастыруы Шәмші Қалдаяқов туындыларының даңқын дүрілдетіп, дүйім далаға кең жайылуға кепілдік берді. Мұхтар Әуезов өмірден озар тұсында университет студенттері алдында сөйлеген сөзінде Шәмші саздарын Ақан, Біржан өнерпаздығынан кейінгі бір «жыл келгендей жаңалық» сезіндіретін үздік құбылыс ретінде бағалағаны мәлім. Жұрт аузында «бүкіл қазақ еліне ән салдырған Шәмші» атануының сыры сонда. Сазгер әндері, әсіресе 60-70-жылдардағы жастардың аузында жүрді. Көшеуілдеген «хрущевтік жылымық» дәуірінің жас адамдары шетел композиторлары мен орындаушыларына, мәселен, «Биттлзге» қалай ынтықса, қазақстандық өз сазгерлерімізді де солай сүйіп тыңдады. Бұл соңғысы мен арасында, әрине, Қалдаяқов бірінші орында тұрды. Оның әуендері әсем де ақылды көкерім жасты ғана емес, ересек, егде қауымның да, сәнтүрлі мамандық, алуан ұлт адамдарының да көңілін баурап алды. Халық арасында әсіресе күплі отаншылдық, елшілдік нотасын тап басқан «Менің Қазақстаным» туындысы мәшһүр болды. 1986 жылы Желтоқсан көтерілісіне қатысушы ұл-қыздар Алматы алаңдары мен көшелерінде Шәмшінің осы әнін ұрандай шырқап шықты. 2005 жылдан бері «Менің Қазақстаным» туындысы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны болып бекітілді. Бүгін осындай тау тұлғаның атында керемет шара ұйымдастырып отырмыз. Барлық қатысушыға сәттілік тілейміз, – деді Садық Әлиев.

Байқауға Жалағаш кенті мен ауылдық елді мекендерден ардагер әншілер қатысып, өз өнерлерін ортаға салды. Олар Шәмші Қалдаяқовтың алтын қорына енген ұмытылмас әндерін орындап, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Ардагерлер сахнада өз шеберліктерін, өмірлік тәжірибелерімен толысқан өнерімен көрерменге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Байқауда көрерменге ерекше әсер қалдырған әндер орындалып, Шәмші әндерімен көмкерілген керемет көштің күсі болды. Қазылар алқасы қатысушылардың вокалдық шеберлігін, сахналық мәдениетін және шығарманы жеткізу деңгейін бағалады. Бірінші кезекте ардагерлер музыкалық аспаптардың көмегімен ән шырқаса, көлесі әнді ешқандай аспапсыз орындады.

Байқау соңында үздік деп танылған ардагерлер марапатталып, алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табысталды. Бұл шара – ұлт руханиятын дәріптеу, жастарға өнеге көрсету және мәңгілік маңызын жоймайтын Шәмші әндерін халық жадында жаңғырту жолындағы игі қадам болды.

Қазылар алқасының шешімімен үшінші орынды ауданның мәдениет, руханият саласына еңбек сіңірген, әлеуметтік-экономикалық жағдайының жақсаруына саналы ғұмырын арнаған Қаншағұл Мұстафаева мен Ләйле Ибраева өзара бөлісті. Ал өдемі дауысымен көрерменнің ыстық ықыласына бөленген Райхан Байғараеваға екінші орын берілді. Байқаудың бас жүлдесіне Манат Бисенбаева лайық деп танылды.

– Қатысушылардың өнерін бағалау қазылар алқасына оңай болған жоқ. Барлығының бұл сайысқа тыңғылықты дайындықпен келгені көрініп тұр. Байқаудың жоғары деңгейде өткенін көрерменнің ыстық ықыласынан, қатысушыларға қошеметінен байқау қиын емес. Тіпті араларында бұрын да осы салада жұмыс істеп қана қоймай, өзін мойындатқан сала ардагерлері де болды. Кейбірінң қай жерден қателік жібергенін өздеріне де айттық. Жарыс болған соң бірі жеңіс тұғырынан көрініп жатады. Енді бірі ешқандай орынға ілінбей қалады. Біз ешқайсысын бөліп жарған емеспіз. Барлығына бағалы сыйлықтар үлестірілді. Барша қатысушыға алғыс білдіремін, – деді қазылар алқасының мүшесі Алпамыс Қожаниязов.

Сұхбаттасқан

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Азаттық рухының жыршысы

Аудан орталығында «Тағзым алаңында» ҚР Суретшілер одағының мүшесі, мүсінші Жәркен Смағұловтың «Қарақұм» көтерілісіне қатысқан шаруалардың жазалаушы қызыл әскерімен шайқасының ескерткіш тақтасы орналасқан. Мұздай қаруланған қызыл әскерге қарсы көтерілісші шаруалар қарабайыр құралдар шоқпар, сойыл, айыр, балтамен қарсы тұрды, соңғы демі біткенше ел тәуелсіздігі үшін қызыл империяның озбырлығына төтеп берді.

Ғасырлар бойы ата-бабаларымыз аңсаған тәуелсіздік бізге оңайлықпен келген жоқ. «Мың өліп, мың тірілген» қазақ небір қияметті басынан өткізді. Сайын даланы мекен еткен қазаққа ернін айтапғанда, өз ағамыз деп жүрген Қокан, Хиуа, халәберді қарақалпақтар да Сыр бойының халқына үстемдік жүргізді. Негізсіз салық салып, ортағасырлық тағылық пен күш көрсетіп, озбырлық жасаумен болған. Ресей империясы Қазақстан мен Орта Азияны отарлап, құнарлы жерлерді тартып алды. Билікпен басқару жүйесін өз қолына алды. Жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігін қиындата түсті.

Қазан төңкерісінен кейін 1929-1932 жылдары Қазақстанда жекенің күнкеріс көзі малын тәркілеу мен күштеп ұжымдарға ұйымдастыруға қарсы елде 372 бас көтеру болған. Солардың бірі Қарақұм көтерілісі еді. Орталықтың үстемдігіне қарсы бас көтергендер осы аймақтың өз еңбегімен күн көріп, тіршілік жасап отырған шаруалары еді. Қарақұм көтерілісі осы еңбодің отыз мыңның үстіндегі халқы бар аймақты қамтыды. Өңір тарихында елеулі орын алатын Қарақұм көтерілісінің мақсатын кезінде өлкетанушы А.Тілеулиев өзінің «Қарақұм» атты кітабында және осы жолдардың авторы ақпарат құралдарында жариялаған болатын. Дегенмен тәуелсіздік жолында құрбан болған боздақтардың есімін жаңғырту – бүгінгі ұрпақтың міндеті.

Қарақұм көтерілісінің рухани басшысы және жыршысы болған Тәуекел Боранбайұлы еді. Тәуекел бір өкеден тараған бес ағайынды болған. Кенекөз қариялар «Бөсеуі атқа мінгенде шағын жасақ болатын» деп отыратын. Солардың үлкені, Қарақұм көтеріліс басшыларының бірі, рухани әдемі беруші және көтеріліс барысын өзінше шайырлығымен жырлаған, бізге азды-көпті дерек қалдырған да Тәуекел Боранбайұлы болатын.

Ол өткен ғасырдың басында қазіргі Бұқарбай батыр ауылында дүниеге келген. Тәуекел туралы өкем «Сол кісі менен екі жас үлкен. Құдай Тәуекелге қара күш пен шайырлықты, жыршылық талантын аямай берген. Өнерлі кісі болған. Ауыл-аймақтағы жиын-тойға жігіттерді Тәуекел бастап баратын. Өзі бойшаң, сымбатты, ашық жүзді, денесінде артық еті жоқ, атан жілік, аяудыс, жігіттің сұлтаны еді» дейтін.

Бір жылы Тәуекел бастаған жігіттер көрші ауылдағы тойға барды. Тәуекел тоқида домбыра тартып, жыр жырлап, дұмандатып отырды. Көмет той иесі: – Түіе палуанға қарсы палуандардың шығарыңдар, – деп жар салды. Қарасақ, мойнымында қарғысы бар түіе палуан өте ірі «мойсапат» адам екен. Той иесі түіе палуанға қарсы палуан жоқ болса, бас бөйгені күресісіз беретінін айтты. Осы кезде Тәуекел орнынан ұшып түрегеліп, атының шыпбырын беліне байлап, ауыл ақсақалының алдына жүресінен отыра кетіп, қолын жалпы қасына алып, «ау аруақ, өзің жар бол» деп ортаға шықты. Қарсыласының белінен шап беріп ұстап алып, оның әрекет жасауына мұрша бермей, жерге алып ұрды. Таза жеңіс, өз-өзіне келе алмай, не болғанын білмей қалған түіе палуан өсе жылып: – Мен қапыда қалдым, қайта күресемін, – деп айқай салды. Біздің жақтың аудармасы «кеңіс біздікі» деп дауласты. Жұрт дүмлігіп, тойдың шыркы бұзылуға жақындады. Қайтадан күресуге пәтуаласты. Тәуекел бұл жолы арқаланып өбедісіз жүрген түіе палуанның ербөндеген қолын қағып жіберіп, көтеріп алғай ағын тарбаңдатып, айналдырып алып жерге ағранда түіе палуан жағымсыз дауыс шығарып өкіре жығылды. Осы кезде Тәуекел түіе палуанның басынан аттап өте шықты. Бұл «мен есің өлтірдім, құнын жоқ» деген ишара болатын – деді бірде өкем.

«Ұрда» басталғаннан кейін (қазақтар төңкерісті, революцияны «Ұрда» деп атаған) Тәуекел ел ішіндегі бәрекесіздік пен айтыс-тартыстаң, «шолпақбелсәнділердің» іс-әрекеттерінен бойын аулақ ұстау мақсатында Қарақұмда қалып қойып, Нұраның Сырмен шектелетін жері «Қаракөлде» жай салып, өмірінің соңғы жылдарын сол жерде өткізген. Көпте шығыр салып, бақша егуімен айналысқан. Жергілікті халықпен тіл табысып, Қарақұмға көшіп-қонып жүргендерді азықпен қамтамасыз етіпті. Елден жарлы-жақыбайларды, жетім-жесірлерді қасына жинап, еңбекке баулыған, тәрбиелеген. Солардың бірі, жетім інісі Қалыбай деген бауырына арнаған өлеңі есімде қалыпты:

«Сұрасан менің атым Қалыбай таң,
Қолайды домбыраға дауысым да саз.
Кімді тәуір құлып кіер едім,
Не пайда, өткен Тәңірім, дәулетім аз.
Қыс болса қақырамаң құм көрөмің,
Наурыз өтіп, сәуірде келеді жаз.
Шапатап жүгірмені жалаңаң,
Сұмандап үйрек шар, қиқулап қаз.
Байларға жоқшылықтың жапын айтсам,
Бір тыын қара пұлға өтейді наз.
Қаншама кітап оқып, ғылым көрген,
Бермеді Қасым молда бір көйлегін» деп қасына жиналған жетім інілері мен бауырларының тұрмыс жағдайына баяндап, ауқатты адамдардың оларға деген сараңдығын біре-екі сөзбен түйіндейді. Сол кездегі жеті-сегіз жастағы Қалыбай інісі ұлпатта заманнан аман қалып, елге оралып еңбек етіп, балалы-шағалы болып, жетпісінші жылдары дүниеден өтті. Сыртта жүріп өліні сағынған Тәуекел Сырдағы ағайынға жыр арнау жазып отырған: «Ауылдай ағаға», «Дария тұрушы едің шақпың, тасың», «Ағаларға» деген өлеңдері есімде қалыпты. Сол Тәуекелдің өлеңдерін өкем көңіл-қошы көлгенде Сыр өуеніне салып, домбырамен айтып отыратын.

Мен сол өлеңдерді өкемнен жазып алуға талпындым. Бірақ «халық жауы» болып аталып кеткен есіл ердің атынан қорқып, жазып алмағаныма өкінемін. Өкем Тәуекелдің жер, ел, табиғат, тарих жайында жазылған «Дария тұрушы едің шақпың, тасың» атты ұзақ дастанын толық білетін. Оңашада ағасын есіне алып, айтып отыратын. Содан есімде қалғаны:

Жаратқан жер әлемді Жаппар Құдай,
Тіршілік айналады жыл он екі ай.
Жыл іші төрт кезеңге бөлінеді,
Табиғат дүниеге берген сыйдай.
Дарияға жақын жатқан «Арық балық»,
Жағасы сулу сырдың нәткен балық.
Таңдапты көшбасшысы осы жерді,
Жұртына болсын депті Темірқазық,
Халқы біледі Ерубайды,
Қалмақпен соғысқанда ел қорғады.
Үзеңгілес болды Бөйтен, Сөркеменен,
Бұландының басында қалмақтарды қырған еді.
Сол батыр қосынымен келген дейді,
Уақыт болса керек наурыз айы.
Дарияда жатыпты шалқып, тасып,
Таңдапты ел қонысқа осы жерді.
Батырға ұнаған дейді «Шағала» құм,
Айнала шалқар теңіз суға толы.
Бұл жер «Аққұм» деп аталады,
Жағасы қамыс құрақ, малға жайлы.
Болсын деп дәл осы жер ата-қоныс,
Қоныстанған екі ел, төр болып арыс.
Тоғайы көпшілікке пана болып.

Жұт жылдары қалыпты халықты аман алып, – деп халқымыздың тарихи кезеңдерін жырлаған Тәуекелдің осы бір шумақ жолдарынан оның өлі-өрісің, дарынын білуге болады. Егер Тәуекелге сол заманда өмір талабына сай бағыт-бағдар берген ұстаз болғанда, заманның белгілі жыршысы болатын еді.

Олар Тәуелсіздік үшін күресті. Өткен ғасырдың елуінші жылдары қазіргі Бұқарбай батыр ауылының негізі болған «Ақсай» деген шағын ауылда тұрдық. Соғыстан кейінгі ауыр жылдар. Халықтың тұрмыс жағдайы нашар. Халық шаруашылығын қалпына келтіру науқанына байланысты, салық пен заиммен көздерін аша алмай, колхозшылар қолдарына ақша ұстамай, қолдарындағы бір-екі малымен күн көріп жүрген уақыт болатын. Біз күніне 10-12 шақырым жеті-жылдық мектепке қатынап оқымыз. Оқып та жарытпаймыз. Жазда күріш отағы, күзде күріш орағы, қыста қоғамдық малдың астын тазалау оқушылардың мойнында болатын. Үйдің қара жұмысы да біздің мойнымызда еді. Біздің үйдің қасында бір кемпір жесір қызының қолында тұрып жатты. Ол кездің адамдары қарапайым, бауырлам еді. Құз, кісі мезгілінде күн бата көшірлер біздің үйге жиналатын. Ас-суды бірге ішіп, барды бөліп жеп, еңгіме-дүкен құрып, түннің бір уақытында тарқасты. Ол кезде ауылда радио, әлектр жарығы жоқ. Клуб, мәдениет үйі дегендерден хабарсыз. Әкемі 1937 жылы Мәскеудегі халық шаруашылығы жетістігінің көрмесіне барғанда сыйға алған қосауыз мылтығы болатын. Алдынан ұшқан қысы, жүрген аңды жібермейтін мерген еді. Содан болар, көже-қатығымыз мол болды. Оның үстіне «Табанкөл», «Лайөзектең» балық аулап, үлкен сазандарды қамысқа орап, баулап түйеге артып өкелетін. Көшірлерге бөліп беретін. Көрші шешеміздің отбасының нәпақасы біздің үйден болатын. Қыстың ұзақ түндерінде сол кемпір: «Мырза бала-ау, шаршап отырмасаң, ағаның өлеңдерін айтсайшы», – деп өкеме қолға салатын. Ол өкем кейде: «Егіресің-ау үйде отырып», – деп айтқайт. Мен сықима шамын жарығымен сабаққа дайындалып отырып, үлкендердің сөзіне құлақ түретімін. Көңіл-үйі жақсы кезде өкем шайын ішіп, демін алғаннан кейін домбырасын алып кемпірге өзің-қалқыңын айтып, мынау Түкеннің арнауы деп, Сыр өуеніне салып шырқай жөнелетін. Шешеміз өзінің өзі «О дүние-ай» деп кейде кезіне жас алып, кейде егіліп тындайтын. Бабымен пісірілген аңның етінен ауыз тиіп, қайыңсы менің өкемнен қалжыңдауым батысын беріп, «Көулім бір серпіліп қалды ғой» деп үйіне қайтатын. Шешеміз томаға тұйық, ағайындармен көп араласпайтын. Мен өз шешемнен «Бұл кемпір бізге кім болады?» деп сұрағанында, ол кісі туралы ештеңе айтпайтын «Әкең ғой» деп қосалатын.

Шешеміздің жалғыз қызының аты Озмікул еді. Ол кісі көктемнен қысқа дейін колхоздың егіс даласында қараша үйімен колхоздың егішшілеріне аспаз болатын. Қыста жалғыз қалған шешеміз біздің үйде жүретін. Уақыт өте біз де өсейдік, өлгі кісінің Қарақұм көтерілісінің қолбасшыларының бірі, көтерілістің рухани дем берушісі, қосын басшысы, жыршысы Тәуекел Боранбайұлының әйелі Мәрия шешеміз өкенін білдік. Тағдыр маған шешеміздің қартайған шағында Тәуекел өкеміздің Қарақұмдағы өмірі, Қарақұм көтерілісінің оқиғасы мен жеңіліс ұшыраған көтерілісшілердің қайғылы да қасіретті соңғы өмірінен Мәрия шешеміз өз аузынан естудің сәтті түскен болатын. Мәрия шешейдің айтқаны: – Сол бір жылы Нұраның бергі бетінде «Қаракөлде» қыстадық. Отағасы маған көп нәрсені айтпайтын. Бір үйке келгенді айтсыз-тарадан шаршадым, тыныш өмір сүріп келеді. Мына «Қаракөлге» шығыр салып, егін егіп, тіршілік жасаймыз» деді. Қармақшыға барып, керек-жарағын алып келді. Елден өзінің жетім інілерін алдырды. Сол жылы біздің жақсы шырың, астықтың астында болдық. Баябан далаға су нәрі келгеннен кейін бақшадан да мол өнім алып жүрдік. Қарақұмға көшіп-қонып жүргендермен Арқадан кірі тартқандар бірге соқпай кетпейтін. Алыс-беріс, айырбас тағы басқа тіршіліктеріміз жандана түсті. Мапымыздың басы да көбейді. Сол жақтағы Алтын, Кете, Шөмекей ағайындармен тіл табысып, бір қауым ел бола бастадық. Жағдайымыз түзеліп, уақыт осылайша өтіп жатты. Кейін Сырдан келушілерден жаңа үкімет жекенің малдарын тәркілеп тартып алып жатқанын есіттік. Бізден де маза кете бастады. Қысымнан қашқандар бізге келіп бой тасалады. Кейін Алтын, Кете, Шөмекей руларының жаңа үкіметтің озбырлығына қарсы көтеріліске шыққанын естідік. Осындай мазасыз күндердің бірінде түрті өрт сөндіргендей үш адам келіп, отағасыны қыр астына алып кетті. Олар сұт пісірмейді уақыттан соң оралды. Ішім бір жамандықты сезгендей болды. Тіс жарып ештеңе сұрамадым, ол да ештеңе айтпады. Арада үш күн



өткенде мұздай қаруланған үш адам тағы да келді. Отағасын қыр астына алып кетті. Мен үйге кіріп, сазарып отырып алдым. Жағдайды жітіткенім жасақ жиналып, хан сайланды. Мені қосын басшылығына ұйғарыпты. Бірінші келгендерге келісім берген жоқ едім. У ішкен де руымен, тәуекелге бел байлап, маңдайыма жазғанды көремін деп келісімдімді бердім. Енді өзіңе мықты бол – дегенде өкіріп жылап жібердім. Отағасы «тоқтат» деп заңд. – Ертең сәскеде жол бастаушы келеді. Соған дайындал. Елге «Арық балыққа» (Бұқарбай батыр ауылының бұрынғы атауы) үйінді Айтуар көлпенің қасына тік. Ел сыйлаған әруақ қой, сені өшімке түрткі қылмас, қанатыңның астына алар. Уәде – Құдайдың аты, мен басымды оққа байлап кетіп барамын. Тіршілікті жолықпасақ, о дүниеде жолығармыз, – деп ішіндегі шерін шығарды. Біз жолға жинала бастадық. Отағасы түнімен ормандардан алған екі мылтығын тазалап майлап, көбежеледі ораулы жатқан қылышы мен кездіктерің алып, қайрап, оқ-дәрілерін мал терісінен жасаған қалпақарға салып, жорық кіндіктерін қышамдап ретке келтірді. Ертеніңе қолдағы малдарды екі інісіне құйма айдауды тапсырды. Ақбоз атына мініп, екінші атты қосағына алып, жалғыз қызы Озмікулді құшақтап сүйіп, іскеп аттанып кетті. Жыл-сықтап біздер қалдық. Ертеніңе сәскеде үш түннен жолбасшы келді. Біз елге келдік. Көпте атамның қасына үйімді тіктім. Біз туралы жағдайды ел құлақтарынан қалған екен. Бәрі де маған сеніктеніп қарауды шығарды. Әруағынан айналығанын көпте атам, бізді өшімке кестүрткі етпей қамқорлық жасады. Міне, содан бері қаша жыл өте де біз сендердің шаңырақтарының астында келеміз, – деп Мәрия шешей шерін тарқатқан еді.

Қарақұм көтерілісінің дүмпуі Қармақшы ауданының Қарақұм өңіріндегі және Жалағаш ауданының Сырдария жағалауындағы Қараөзектен Қарақұмға шығар беттегі Нұраның бойын мекен етіп, көшіп-қонып жүрген елді мекендер мен стратегиялық маңызы бар теміржол бойындағы стансалар мен бекеттер тұрғындарын қамтыған. Кеңес үкіметінің қыспағына бас көтерген көтерілісші шаруалар мұздай қаруланған жазалаушы әскерлерге қарсы сойыл шоқпар шайт мылтықтарымен қарсы шыққан еді.

Бағыты Солтүстікке қарай сүйде, жүйрік келе жатқан Тәуекел ауыр ой үстінде, өз шаруасының керек-жарактарын алуға Қармақшыға барып жүргенде станса мен бекет бойында лек-лектерімен толып жүрген қызыл әскерлерді көріп, бұлар не мақсатта шоғырланып қалған деп ойлаушы еді. Енді олардың мақсаты белгілі болды. Осындай ой үстінде келе жатып, көшегі хабаршылар айтқан межеге де келді. Буны сайдың тасындай жүз қаралы қарулы жігіт күтіп тұр екен. Олардың айтуынша, Жұмағазы хан сайлап, сонау Қараөзек бойынан елді Қарақұмның құмына көшірді, елді рулардан жасақталған қосындарды Сырмаңқожа мешітне жинауға әмір беріпті. Осы жерде Тәуекел өзінің туыстары Раманқұл баласы Мірәліден Қараөзек бойындағы Табын өлі де Қарақұмға көшкенін естіді. Бұлар Сырмаңқожа мешітне жеткенде жан-жақтан жиналған халықтың қарасы да көп болатын. Бас-аяғы жиналған халық үш күн еру болып, бозбасқа шалып құдайы беріп, әруаққа Құран бағыштайды.

Жұбаңауар ханның басшылығымен ру, тайпа, қосын басшыларының қатысуымен кеңес етіп, алдағы ұрыс жоспарларының бағыт-бағдарын белгілейді. Ханның уәзіреті мен қосын басшылары белгіленіп, елді ұрыс маңайынан аулақ құмның арасына көшіріп, жазалаушы қуғыншыларды «Қара үңгір» сайынан қарсы алуға пәтуаласады. Қарақұм көтерілісінің қолбасшысы, көтеріліс барысын жырлап, кейінгілерге азды-көпті естелік қалдырып кеткен Тәуекел шайыр: Хан болды өмір етіп Жұмағазы, Құдайға төкір-зікір айтқан назы. Тіпектес дің қарындас мұсылман деп, Тіпті ханның жазған бір қағазы. Шартына шарияттың тура келеді, Естіген бұл жұмысты тура халқы. Шөмекей, Алтын, Жаппас, көптік Табың. Қыпшақ та көтерілді естің даңқын. Халайық Қарақұмға келдік тегіс, Жаудан да хабар бар еміс-еміс. Құрал жоқ, құр алақан, мылтық саймаң, Сақтай көр, біз харыпты Құдай деңіз. Жаққындап қарсыласты екі хан да, Құдайым қуат берсін мұсылманға. Зенбірек атқан дотпан шықты дауыс, Бозала субе садақ атқан таңға. Сол күні келген өкен кезеңің жау, Сайлаңнан «Қара үңгірден» кете ханға. Көп әскер бізге дейін дайын болған.


Жолықтық сәске түсте үлкен шаңға. Көшкен ел үйін тікпей мінді атқа. Қарауңгірдегі алғашқы шайқасты Тәуекел былайша жырлайды: Астымда ақ боз атым, қолда қылыш, Иықта оқшанайт мен бес аатарым. Шарт түйіп ақтықпенен маңдайымды, Оқымд ішімнен иманымды. Көріңді сұр кимді шошақ қалпақтылар, Лек-лек боп келе жатыр жасауылдар. Асынан найзалы мылтықтары, Әуірлей нағыз жан алғыштар. Түсті олар Қарауңгірдің сай-саласына, Біз тұрмыз шоқпар, сойыл ұстап қолға. Ұстастық осы кезде екі жақ боп, Шіреніп ұрды олар онды, солға. Қасымда Дүйсенбайдың Нұрбайы бар, Бауырым, палуан батыр Мірәлім бар. Сойылмен Нұрбай ұрды қалпақтыны, Қылышпен мен де ұрымдм шошайбасты, – деп ұрыстың барысын баяндайды.

Осы ұрыста көтерілісші шаруалар жазалаушыларға соққы беріп, бетін қайтарды. Кеңес үкіметі көтерілісшілерді көндіру мақсатында айла-тәсілдерге барып, көшір бетерініп, олардың қойған талаптарын орындайтынына келіпдік беріп, Әліби Жангелдин бастаған комиссия Қарақұмға барып келіссөз жүргізеді. Олар үкіметтің қойған талаптарын орындап, қару-жарақтарын өткізді. Жұмағазы бастаған көтеріліс басшыларын Қызылорда қаласында келіссөзді одан ері жалғастырасыз деп Қарамақшыға алып келген жерде тұтқындап, Құмырлорданың абақтысына жапқан. Кейін үлтістің бұйрығымен Жұмағазы Алма-тауда 1931 жылдың 16 сәуірінде, қалғандары Қызылорда маңында атылған. Басшыларынан айырылып қалған көтерілісшілер көпке дейін өздеріне келе алмай жүрген. Ұлтжанды Ертілеу, Бектілеу, Қауыш, Әбішев, Мірәлі тағы басқалардың бастауымен, Қожабанды хан сайлап, оның жанына топтаса бастады. Алғашқы ұрыстан сабақ алған көтерілісшілер мылтықсыз соғыстан жеңіліс табатынын түсініп, оқ-дәрі, қару алудың жолын іздестіре бастайды. Осы мақсатта халықтың науқаны жүріп қолдарында бар алтын-күміс, білезік, сақина тағы басқа бағалы заттарды жинап, қаржы табу жұмыстары жүргізіледі. Осындай жұмыстардың арқасында еті тірі, пысық жігіттер Ташкент тағы басқа қалаларға барып, азды-көпті қару алуға қол жеткізген. Көтерілісшілер соңына ерген халықтың азып-тозып, жағдайының нашарлауына байланысты сол жылдың қыс айында Сырға жақындап паналауды ұйғарған. Осы сәтті пайдаланған жазалаушы қуғыншылардың қарулы күші көтерілісшілермен бетпе-бет кездесіп, оларды осырғата жеген Қожабан ханды тірілей қолға үсіріп, басқаларын да тұтқындаған. «Мойыңқұмдағы Тәуекел Боранбайұлы, Мірәлі Раманқұл баласы да қапыда қолға түскен. Тәуекел қалың ақты ірі қара кісі еді, палуан болатын, өзі ақ, өнерлі жан. Астында ірі ала атымен құмның ішіндегі қыстауға жақынды бөргенде ұсталды. Бірқатар ауылдар, көпшілігі Табынның жақаптары, Мойыңқұмды жайлаған болатын. Бйткені онда Тәуекелдің қыстауы, Дүйсенбайдың қыстауы сияқты мекендер болған еді. Мұнда Тәуекел Боранбайұлы шыңнан құлаған жырапын алдың бөлеп, үлкен тоған жасаған егін егіп, көсіп қылған. Сол бетегің сілемдері алдң күнге дейін бар. Жауың аз жасуа да су тоғанға күйілады. Бағандардан ақ жиде, дамбал кияң, қосарлап, үшеу-төртеуден байланған адамдарды түсіріп жатты». Бұлар бүгін мойындарына өлім қурығы ілініп, жазға кесілген көшегі Қарақұмның ерлері еді. Мұздай, суық, қырау үстемін жидешен айдан, сол үшін қазылып терең көрдің жиегіне теріс қаратып тұрғыз бастады, іңір қараңғылық жоюланып, көк жүзін бүлт бүркіп тұрса да ақ жиделі көтерілісшілер нысанаға тәуір ілінетін. Мірәлі мен Тәуекел бірге қосақталған еді. Бұл өкеуін жіп емес, шыңжырым байлапты. Екі алып палуан көр жиегінде қатар тұрды.

–Ау, бауырларым, ақыретті бауырларым бекерге шұламандар, – деп айқайлады. Осы кезде Тәуекел Боранбайұлы: – Алланы ұмытпаңдар! Алла деңдер! Алла! Тәуекел мен Мірәлі өздері байлағанын шыңжырды сұрапыл күшпен уаіп жіберді. Мылтықтар прс-түрс аттылып, төңірекке оқ-дәрінің ісі тарады. Шұңқырға құлағандардың үстіне оқ тиген өлгендерін жайғастырып әскерлер жүр. Сұт пісірмейді уақытта жүз елудей адам шейіт болып, жандары ұшып көкке кетті. Жөңдеттер көр бетін көміп жасыра бастады. Түн қараңғылығында ыңыранған дауыстар естілді. (А.Тілеулиев «Қарақұм» 116 бет). Иә, қызыл империяның озбырлығына қарсы бас көтерген шаруалардың соңғы демі осылай бітті. Мүсінде бейнеленген жазалаушы жөңдеттерді жалаң қолмен алқымынан алып жатқан Тәуекел Мірәлі сияқты палуан ер екен деймін.

Рысбай КӘРІМОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

Маман кеңесі



Адам папиллома вирусы және одан қорғану жолдары

Адам папиллома вирусы (АПВ) – папиллома вирустық топтардан құралған. Бес тұқымдастықтан шыққан 27 түрі кездеседі. 200-ден астам типтес вирустық топ, вирустың кейбір штамдары онкология тудыруы мүмкін.

Папиллома вирусын жұқтырған адамдарда инкубациялық кезең бірнеше айдан 10-15 жылдың ішінде жатыр мойны обырының өршуіне алып келуі мүмкін. Ең қауіп тудыратыны – 6, 11, 16, 18 тұқымдастықтан туындайтын вирустар тобы.

Аурудың алдын алу шараларына тоқталсақ, иммунитетке мән беру, яғни адамның иммунитеті жоғары болса, вирусты өлсіретіп, басып жоюы мүмкін. Ал егер иммунитеті күрт төмендесе, онда вирустың өсері жоғарылап, асқынуларға алып келуі ықтимал. Адам папиллома вирусына қарсы вакцина жатыр мойны обырынан қорғайды. Сонымен қатар адам вирус папилломасына қарсы вакцина әйелдің бала туу қабілетіне әсер етпейді.

АПВ-ға қарсы вакцинациялау өлемнің 135 елінде жүргізіледі. Сондай-ақ көршілес елдерде, 2013-14 жылдардан бастап Өзбекстанда, Қырғызстанда, Түрікменстанда, Ресейде де жүргізіледі. Өлемдік деңгейде АПВ-ға қарсы вакцина өзінің тиімділігін дәлелдеген. Сонымен бірге жасөспірім қыздар арасында вакцинациялаудан кейінгі жағымсыз реакциялар тудырғаны жөнінде дәйек тіркелмеген.

Қазақстанда адам папиллома вирусына қарсы вакцинациялау 11 жастағы қыздарға жасалады. Себебі Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректері бойынша АПВ вакцинасын ерте жаста, яғни 9-14 жас аралығындағы жасөспірім қыздар арасында қолдану барынша тиімді. Вакцина білім беру ұйымдарындағы егу кабинеттері арқылы тегін жүргізіледі. Вакцинациялауға ата-анасынан немесе қамқоршыларының ақпараттандырылған келісімдерімен жүргізіледі. Сонымен қатар вакцинациялауға денсаулығында ақауы жоқ, сау балаларға дәрігердің тексерулерінен кейін, қарсы көрсетілімдері болмаған жағдайда жүргізіледі. АПВ вакцинасы иммунитеті төмендеп, өлсіреген адамдар үшін де қауіпсіз. Вакцинация «Гардасил» вакцинасымен жүргізіледі, алты ай интервалымен екі рет егіледі.

Қазақстан Республикасы бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2024 жылғы 17 қыркүйектегі №11 қаулысында ата-аналардың (занды өкілдерінің) ақпараттандырылған келісімін алғаннан кейін 12 жастан бастап, 13 жас 11 ай 29 күнді қоса алғанға дейінгі жастағы қыздарға АПВ-ға қарсы толықтыра вакцинациялау жүргізіледі.

Айта кетейік, жыл сайын Қазақстанда жатыр мойны обырының 1900-ге жуық жаңа жағдайы тіркеледі. 600-ден астам әйел бір жылда осы патологиядан көз жұмады.

Бүгінгі таңда жатыр мойны обырынан қорғай аламыз. Ғалымдардың пікірінше, 11-13 жас аралығындағы қыздарды вакцинациялау жатыр мойны обырының даму қаупін 90 пайыздан астамға төмендетеді.

Адам папиллома вирусына қарсы вакцина дүние жүзінде 135 мемлекетінде 15 жылдан астам уақыт қолданылып келеді. Бұл вирусқа қарсы вакцина тиімді ері қауіпсіз екені ғылыми дәлелденген, жағымсыз әсерлер туғызбайды.

Жасөспірім қыздарға АПВ-ға қарсы вакцинациялау туралы шешім қабылдата отырып, сіз оларды болашақта онкологиядан қорғайсыз.

Г.АЙЫМБЕТОВА,
Жалағаш аудандық СЗБ
басқармасының басшысы

Жемқорлықпен күрес — ортақ іс

Қазақстан Республикасының «Сыйбас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес сыйбас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс.



ТҰМА

балалар шығармашылығына арналған бет

Біз қотам болып балалар шығармашылығын қалт жібермей қадағалап отыруға тиіспіз. Өйткені онда балалардың бүгінгі болмысы мен ертеңгі болашағы көрініс береді. Қолына алғаш қалам алған жас талапкер көкейіндегі барлық ойын, арман-мақсатын ақ қағаздың бетіне төгеді және олардың шығармашылығы тау суындай мөлдір, бұлтсыз аспандай ашық, жасандылықтан ада. «Тұма» айдарының кезекті нөмірінде 1 маусым – Балаларды қорғау күніне орай балалар шығармашылығына қалам тербеп жүрген ақын, жерлесіміз, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі Қуат Ахетовтің бір топ өлеңін жариялап отырмыз.

Дастархан әдебі

Бірлік болса, үй жарық,
Бірге біздің әніміз.
Дастарханға жиналып,
Бас досамыз бәріміз.

Жарқыратар бөлмені,
Әр сөзіңді өрнегі.
Атамыздың меншігі,
Құрметті орын төрдегі.

Одан төмен әжеміз,
Әкем менен анамыз.
Отырамыз және біз,
Ал мынаған бараңыз:

Қарындасым Торшаға,
Көрсетілген сый осы.
Жасы кіші болса да,
Ол да – төрдің несі.

Бірақ оған қызғана,
Қарамаймын сыздана.
Атам айтқан сыйлы деп,
Қазақ үшін қыз бала.

Ізет деген – ізгі ілім,
Әдептен еш озбаймыз.
Атамыздан біз бұрын,
Асқа қолды созбаймыз.

Мінезі де сабырлы,
Ісі, сөзі бәрі үлгі.
Әңгімесін тыңдаймыз,
Атамыздың тәлімді.

Ас үстінде күлмейміз,
Ас үстінде жүрмейміз.
Атам бата бергенде,
Қол жаямыз бірдей біз.



Бағдаршам

Тәртіп керек түзге,
Қалаға да және.
Бағыт сілтен бізге,
Бағдаршам түр, әне!

Көше бойы тоқтап,
Барыпша сағ болғын.
Ал есіңе сақтап,
Ережесін жолдың.

Қиылыста қалсаң,
Қара!
Көлік жоқ па?
Қызыл көзі жанса,
Қауіп саған,
Тогта!

Асығыс бол мейлі,
Өте алмасыз анық.
«Ал дайындал!» дейді,
Сары көзі жанып.

Түр енді сен, балам,
Бағдаршамды бағып.
Жол ашады саған,
Жасыл көзі жанып.

Қарсы бетке өттің,
Ал енді оны жаттап.
Сол арқылы көптің,
Қал өмірін сақтап!



Ана тілім

Менің ана тілімде:

Қаным бар,
Арым бар,
Жаным бар.
Даңқым бар,
Салтым бар,
Антым бар.
Түспек емес ол дауға,
Міндеттіміз қорғауға.

Сол үшін де:

Атам да,
Әжем де.
Анам да,
Әкем де.
Ағам да,
Қарындасым, інім де
Сөйлейміз ана тілінде.



Хайуанаттар бағында

Күтіп еді зарға,
Келді сәтін бағдай дәл!
Хайуанаттар бағына,
Әкесімен барды Айбар.

Бұл не деген ғажап бағ,
Осында жүр бар халық.
Келсе Айбар алақтап,
Қорқып әрі тағданып.

Тағажайып бұл бағта,
Аңдардың жүр түр-түрі.
Және құстар тұр баптап,
Қорқынышты, күлкіді.

Білмей әлек маймылды,
Үрсатарын кімге дәл.
Арыстан бар айбынды,
Зебра, жираф, піл де бар.

Жүріп келген жолды алыс,
Аю, қасқыр, түлкі бар.
Тарғыл тонды жолбарыс,
Торға сымай бұдынар.

Қолтырауып, бегемот,
Адам шошыр тісінен.
«Аңдар мұнша неге көп?»
Деп ойлады ішінен.

Өткізген-ау сан айды,
Үзілер ме енді үміт?
Тек сыртқа қарайды,
Тор темірден теміріп.

Тұрғандай ма күн санап,
Торда күтіп тағдарды.
Өзі қорқып тұрса да,
Аяды Айбар аңдарды.

– Обал ғой бұл, әрине,
Тұрғанымен басы амап.
Қамайтындай тор үйге,
Қандай кінә жасаған?

Шығарған бұл зағды кім?
Тығдамай-ақ Жарлығын.
Босатайық әкетай,
Мына аңдардың барлығын!

– Дұрыс балам сөзің бұл,
Білгенің жоң алайда.
Мейірбандық сезімді,
Таба алмай жүр талай жан.


Алғыс айтар ол аңдар,
Күткенімен тор алдап.
Осы аңдардың кей түрі,
Түзде жүріп жоғалған.

Сондықтан да ешқашан,
Сатылмайды бұл аңдар.
Сондықтан да ешқашан,
Атылмайды бұл аңдар.

Мәселе көп алаңдар,
Дамығанмен қарыштап.
Табиғаттан адамдар,
Бара жатыр алыстап.

Біз көрмеген бар аңдар,
Естігенмен атын көп.
Сондықтан да адамдар,
Танысады жақын кеп.

Жолда жүріп көп апта,
Келді бұлар қонаққа.
Табиғат пен адамдар,
Табысады зообақта.



Атасының ақылы

Басқалар да байғасын,
Өсеті десем Өркенім...
Ауырлығын айтасың,
Арқадағы сөмкенің.

Жеу үшін де талғанды,
Едбек етіп терлейсің.
Жауыр қылмай арқаңды,
Қиындықты жеңбейсің.

Салмағына сөмкеңнің,
Ауырсынба сен бүгін!
Көтересің ертең күн,
Бұдан да ауыр ел жүгін.

Жарға жықпас нар сенім,
Жетер оған күшің де.
Болашағың бар сенің,
Сол сөмкенің ішінде.

Білсең бәрін жаман ба?
Білектіңнен тау – Ұлы.
Болмайды онда адамға,
Керек заттың ауыры.

Ауылда

Келді күткен жаз енді,
Қамданайын жолға алыс.
Қуантайын әжемді,
Етіп оған қолғабыс.

Жатып алмай ұзақ күн,
Шаршадым деп сапардан.
Үйренейін сұрап шын,
Шаруа жайып атамнан.

Айналасы көкпедбек,
Көз тоймайды қараса.
Ауласында шектеу жоқ,
Ауыл неткен тамаша!

Атаммен бір мінгесіп,
Торы төбелмен қой бағтым.
Ошағада тілдесіп,
Күшігімді ойнаттым.

Шығылдаған ұрыншақ,
Балапанға шаштым жем.
Анау жүрген қулышақ,
Ол да менен бас білген.

Ботаған жүр ойнаған,
Үстінде екі түйіншек.
Ондай бота қайда апаң,
Ол да маған үйірсек.

Арам шоптен тазартып,
Бағшаны да баптадым.
Қора-жайды жаңартып,
Тезекті де даптадым.

Бұзауымды суардым,
Қозы-лағда шоп бердім.
Ата-әжемді қуанып,
Жаз айын да өткердім.

Әкем берді күрт-майын,
Және атамнан бата алдым.
Білін жер мен жұрт жайын,
Үлкен жігіт атандым.

Аңсап келсем, саялы
ауыл құшақ жады.
Қайтпас едім, өттең-ай,
Қыркүйек те тады.

Жиганымды даладан,
Енді есімде сағтармын.
Міне, бүгін қалаға,
Азамат боп аттадым.



Суреттер ашық дереккөзден алынды

Бетті дайындаған Жандос ЖАЗКЕН

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның

түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс №908

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Жандос ЖАЗКЕН